

Сара ханым: Әсел, сіз де келесіде біздің қалаға келіңіз, қонақ қыламыз, қыдыртамыз.

Әсел ханым: Жақсы, рахмет, уақытым болып жатса, баруға тырысамын.

Айман ханым: Мұрат, Әсел, сіздерге көп рахмет. Өте көңілді отырдық, біз кетейік.

Мұрат Сабырұлы: Үйімізді енді білесіздер. Қостанайға келгенде, соғып тұрыңыздар.

Сара ханым: Сый – құрметіңізге рахмет. Сіздер де бізге қонаққа келіңіздер.

Айман ханым: Сау болыңыздар!

7. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Уважаемые друзья, приглашаю вас сегодня в гости. Мой дом расположен на проспекте Абая. Проходите на почетное место. Айман, Сара, это моя жена. Ее зовут Әсел. Теперь наш дом вам знаком. Значит, Вы приглашаете нас в гости? Где находится Ваш дом? Блюда очень вкусные. Мурат, Асель, большое спасибо. Мы с Айман обязательно придем. Приезжайте к нам в город, будете нашими гостями. Конечно, мы вас ждем.

8. Төмендегі «қонақ» сөзіне байланысты мақал – мәтелдерді есте сақтаңыз.

1. Қонақ қойдан жуас.
2. Қонағым өз үйінді де ойлай отыр.
3. Қонаққа бара білсең, шақыра да біл.
4. Қонақ бір күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт.

5. Қонағы жаман болса, үй иесі қыдырады.

6. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.

7. Қонағын сүймеген баласын ұрады, не үйін сыпырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Белғара Б.Б., Құрманова Н.Ж. Жаңа толқын. Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту оқу - әдістемелік кешені. – Астана, 2007. – 210 б. I; II; III деңгей.

2 Сейдімбеков А.С. Қазақ тілі. – Алматы: «Болашақ», 2009. – 132 б.

3 Қ Қалынбаева. Тәуелсіздік белгілері // Қазақ тілін үйренейік : журналы. – Қарағанда. – 2008. – № 10 (42). – 14-15 б

4 Құрманбай Г. Елжандылыққа тәрбиелеу сабақтары. Ғылыми-педагогикалық басылым // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. – № 7. – 62-74 б.

Резюме

Статья посвящена актуальным проблемам обучения государственному языку студентов неязыковых специальностей. Автором прослеживается тесная взаимосвязь обучения и патриотического воспитания.

Conclusion

The article is devoted to the research of the topical problem of teaching the state language for the students of non-linguistic faculties. On the example of one lesson the author distinguishes the interaction of teaching and their bringing-up.

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫ

Атжанова Н.Е.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді меңгеру өзекті мәселенің бірі екендігі баршаға мәлім. Осыған орай қазақ тілін оқыту ісіне қойылатын талап та күннен күнге жоғарылап келеді. Сондықтан жоғары оқу орнына келген білім алушыларды қазақ тілі сабағында өз мамандықтарына бейімдей отырып, тіл үйрету – қазақ тілі оқытушысының басты міндеті. Өз мамандықтарына бейімдей оқытудағы негізгі мақсат – болашақ маманға кәсіби терминдерді үйретіп, сөздік қорын байытып, оны келешекте қызмет барысында қолдануға, өз ісін жетік меңгерген маман болуға септігін тигізу.

Орыс тілді дәрісханада кәсіптік қазақ тілін оқытудағы өзекті мәселелердің бірі – студенттердің тіл бойынша білім дәрежелерінің әр түрлілігі. Осылайша әр түрлі мектептен қа-

зақ тілі бойынша түрлі деңгейде білімі бар оқушылар, бір топқа жиналады. Солардың бес-алтауының сөздік қорлары қажетті деңгейде болса, көпшілігі қазақ тілінде екі сөздің басын құрап айта алмайды. Оқытушы тіл білмейтін оқушылармен қайтадан фонетиканы бастауды да, білімі жақсы студенттердің тілін одан әрі жетілдірумен де айналысады.

Әрине, тілдік емес топтар болғандықтан ең басты мақсатымыз – студенттердің сөйлеу тілін дамыту, ауызекі сөйлеу, сұрақты сауатты қойып, өзіне берілген сұраққа толық жауап беруін жетілдіру. Осыған орай студенттер ең алдымен сөздерді бір-бірімен байланыстыратын қосымшаларды, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі мен сөйлемдердің жасалу жолдарын меңгерулері қажет.

Жоғарыда айтылып кеткендей, қазақ тілін өз мамандықтарына бейімдей оқытуда кәсіптік қазақ тіліне байланысты оқулықтардың тапшылығы. Осыған орай тиімді тәсілдердің бірі – белгілі бір ғылыми ұғымды ассоциациялық байланыста түсіндіру, түбірлес сөздермен салыстырып талдау.

Мамандықты игеру дегеніміз таңдап алған мамандығы бойынша терең және жан-жақты білім алу, алған теориялық білімін практикада іске асыруды үйрену, мамандыққа керекті дағдыларды қалыптастыру. Осы орайда жоғары оқу орнында мемлекеттік тілді үйретудің негізгі мақсаты – мамандық бойынша кәсіби терминдерді меңгерту, төл мәтіннен ықшамдалған таным-тәрбиелік мәтіндер негізінде білімін тереңдету, күнделікті тұрмыс-тіршілікте және келешекте атқаратын қызметінде университет қабырғасында алған білімін іске асыра алуын қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздің болашақ мамандарына, әсіресе мемлекеттік тілді меңгеріп жүрген студенттерге, олардың толыққанды білім алып шығуына, ұлтымыздың ақыл-зердесінің көтерілуіне сапалы оқулықтар, оқу құралдары, кітаптардың алар орны ерекше. Біліктілік біліммен тығыз байланысты екенін біле отыра, жан-жақты сапалы білім беру үшін оқытуға ізденістер енгізіп, аз да болса өз үлесімізді тигізудеміз деп ойлаймыз.

Осы орайда болашақ заңгерлерге кәсіптік бағдар беретін қазақ тілі сабағының бір үлгісін келтіруді жөн санадық.

Қылмыстық кодекстің туралы

Заң дегеніміз – жалпы мемлекеттік өкіметтің өкілетті органы ерекше тәртіппен қабылдаған, мейлінше маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, жоғары заңды күші бар акт.

Қылмыстық заң – мемлекеттік өкіметтің жоғарғы өкілетті органы қабылдаған әрекеттердің қылмыстылық пен жазаға жататынын анықтайтын нормативтік акт.

«Қылмыстық заң» термині заң мен заң актілерінде, соның ішінде қылмыстық іс жүргізу заңында жиі қолданылады.

Қылмыстық заң қылмыстық құқықтың бірден-бір қайнар көзі болып саналады.

Қылмыстық заңның ең басты заңды негізі болып, Қазақстан Республикасының Конституциясы саналады. Қылмыстық заңның Жалпы және Ерекше бөлімдерінің мәселелерін

қамтитын құжат қылмыстық Кодекстің болып саналады.

Қылмыстық құқықта қылмысқа қатысушылар, орындаушылар, ұйымдастырушылар, айдап салушылар және көмектесушілер деп бөлінеді. Қылмысқа қатысушылардың түрлері және олардың әрқайсысына заңдылық сипаттама ҚҚ-тің 28-бабында көрсетілген.

Қылмысты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (қоса орындаушыларды) бірге тікелей қатысқан адам орындаушы деп аталады. Орындаушы қылмысты жеке өзі немесе басқа адамдармен орындап, тікелей жүзеге асыруы мүмкін. Есі дұрыс емес адамдарды кісі өлтіруге пайдаланса, онда оны пайдаланған адамның өзі орындаушы, ал есі дұрыс емес адам қылмыс істеудің құралы болып табылады. Орындаушы қылмысты қасақана жүзеге асырушы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің 37-бабында былай айтылған: “Өз үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның осы кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыс болып табылмайды. Мұндай зиян келтіргені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауапқа тартылады.

Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана қылмыс жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауапқа тартылады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау қылмыстық жауаптылыққа ұшыратпайды”.

Бағыныштағы адамдардың бастықтың бұйрығын немесе өкімін орындау арқылы қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірудің заңдылығын бағалау мәселесі тәжірибеде жиі кездесетін жәйт. Ол әсіресе қызметкерлердің, ішкі істер органдары мен полиция қызметкерлерінің, кеден қызметі мен басқа да мемлекеттік санаттағы қызметкерлер арасында болып тұрады.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.

2. Сөздік қорын толтырыңыз. Сөздерді жаттаңыз.

өкілетті – уполномоченный
қылмыстық заң – уголовный закон
қамту – обеспечивать
қылмысқа қатысушылар – участники преступления
орындаушылар – исполнители

ұйымдастырушылар – организаторы
айдап салушылар – подстрекатели
көмектесушілер – помощники, посредники.

міндетті бұйрықтар – обязательные приказы

өкімді орындау – выполнение распоряжения

зиян – вред

бағыныштағы адамдар – подчиненные

мәселе – проблема, вопрос

тәжірибе – опыт

1. Заң туралы ережені жаттаңыз.

2. Мәтіннен дара және күрделі сын есімдерді тауып, астын сызыңыз.


3. Мәтінді мазмұндау үшін сұрақтар құрыңыз.

4. Сөйлемдерден нысықтауыштың түрін анықтаңыз, сұрақтарын қойыңыз.

5. Мәтіннен толықтауыштарды тауып, сұрағын, тұлғаларын түсіндіріңіз.

6. Құрастырылған сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

7. Мына диаграмманы толтырыңыз.



Учаскелік инспектордың қызметі

Учаскелік инспектордың қызметі **құқық қорғау органдары** саласына жатады. Учаскелік инспектор ең алдымен тұрғындармен жұмыс істейді. Өзі жауап беретін мекенде немесе шағын ауданда **заң бұзушылық пен құқық бұзушылықтың** алдын алуға барлық күш - жігерін салады.

Учаскелік инспектордың басты міндеттері:

- азаматтардың өмірі мен саулығын қорғау;
- **кәмелетке толмағандардың ісі** жөніндегі комиссиямен тығыз байланыста болу;
- тұрғындардың арыз-шағымдарын тексеру;
- **қоғамдық тәртіп** сақтауларын қамтамасыз ету;
- тұрғындарға қажетті кеңес беру;

• **көпшілік іс шаралар** өтетін жерлерде тәртіп сақталуын қадағалау;

• жеке, мемлекеттік және басқа да жекеменшік нысандарын қорғау;

• заң бекіткен шеңберде заңды және жеке тұлғаларға олардың **құқықтары мен заңды мүдделерін** қорғауға көмек көрсету.

Учаскелік инспектор тергеушінің тікелей көмекшісі болып саналады, қылмысты анықтау және зерттеу барысында көмек көрсетеді. Учаскелік инспектордың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда алатын орны ерекше. Учаскелік инспектор атқарушы биліктің өкілі болып табылады, сондықтан әр азамат оның заңды түрде айтқанын орындауға міндетті.

Учаскелік инспектор өз қызметінде мына қағиданы ұстанады: адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, заңдылықты, ізгілікті қадірлеу. Шешуі қиын мәселелері бойынша басқа да мемлекеттік органдарымен, өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, еңбек ұжымдарымен кеңеседі.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.

2. Берілген тіркестерді пайдаланып, тақырып бойынша сұхбат құрыңыз.

Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіздер – Разрешите представиться ...

Бұл пәтерге қашан орналастыңыздар? – Когда вы заселились в эту квартиру?

Үйдің (пәтердің) иесі кім? – Кто является владельцем дома (квартиры)?

Жеке куәлігіңізді көрсетіңіз – Предъявите удостоверение личности.

Жұмыс орныңыз – Ваше место работы?

Отбасы жағдайыңыз? – Ваше семейное положение?

Жұбайыңыз қай жерде жұмыс істейді? – Где работает Ваш супруг (-а)?

Қайдан қоныс аудардыңыздар? – Откуда переехали?

СТН және ӘЖК рәсімделіп пе еді? – Оформлены ли РНН и СИК?

Жаңа мекен – жайға тіркелдіңіздер ме? – Прописались ли по новому адресу?

Үй кітапшасын көрсетіңізші – Покажите, пожалуйста, домовую книгу.

Қанша адам тіркелген? – Сколько человек прописано?

Тұрғындарға қызмет көрсету орталығы – Центр обслуживания населения.

Сізді қайдан табуға болады? – Где вас можно найти?

Қол қою – Расписаться.

Мөр басу – Поставить печать.

Тәртіп сақтау – Соблюдать порядок.

Мезгілсіз уақытта – Во внеурочное время.

Көршілеріңіз қандай адамдар? – Какие у Вас соседи?

1. Мәтіндегі жай сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.

2. Қарамен жазылған сөздермен сөйлем құраңыз.

3. Мәтін бойынша сұрақ – жауап құрастырыңыз.

4. Тақырыпқа қатысты пікіріңізді білдіріңіз.

Қорғаушы қызметі

Егемен еліміздің мақсаты – мемлекет құру. Заңсыз қоғам болуы мүмкін емес. Сондықтан қоғамымызда қорғаушылардың міндеті ерекше. Әрбір қорғаушы Қазақстан Республикасының “Адвокатура туралы” заңы мен басқа заңдарды басшылыққа ала жұмыс істейді. Қорғаушылардың мекемелерге, өндіріс орындарына халыққа көрсететін қызметі үлкен, көмегі зор.

Қорғаушы заң кеңесшісі ретінде мекемелердің, өндіріс орындарының, жеке кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың басшыларына қабылданған заңдарды түсіндіріп береді. Оларды дұрыс пайдалану жолын көрсетеді. Сондықтан қорғаушы заңның әр саласын толық және жақсы меңгеруі керек. Азаматтарға қорғаушы кеңес беріп, тиісті құжаттарды толтыруға көмектеседі.

Сөздік

басшылыққа алу – руководствоваться

қабылданған заңдар – принятые законы

кеңес беру – консультировать

қорғаушы – адвокат

құжаттар толтыру – составить докумен-

ты

жеке кәсіпорындар – частные предприя-

тия

міндет – обязанность

меңгеру – владеть

өндіріс орындары – производственные

места

тиісті құжаттар – необходимые докумен-

ты

толық меңгеру – усвоить полностью

Тапсырмалар:

1 Мәтінді оқыңыз, аударыңыз, мазмұнын айтыңыз.

2 Жай сөйлемдерден шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем жасаңыз.

3 Сұрақтарға жауап беріңіз.

Республикамыздың қорғаушылары халқымыздың мүддесін қорғайды ма?

Қорғаушы сот процесінде айыпталушыны қорғайды ма?

Қорғаушы өз қызметінде заңға жүгіне ме?

Қылмыскердің ауыр қылмысын ақтау қорғаушының міндетіне кіре ме?

4. Мақал-мәтелдерді аударыңыз, оларды қолданып әңгіме құраңыз.

✓ Бұра сөйлеме, тура сөйле.

✓ Бірліксіз істе береке жоқ.

✓ Ұры кісі басқа кісінің малын жейді, өзінің арын жейді.

✓ Ұры ұрлығын қойса да, ұры аты қалмайды.

✓ Ұрлағанды тыққандар ұрыдан бетер кінәлі.

✓ Ақиқаттың алдында хан да бір, қара да бір.

✓ Адамды алдау – арыңның алдында қылмыс,

✓ Ағанды алдау – анаңның алдында қылмыс.

✓ Тура биде туған жоқ, туған биде иман жоқ.

✓ Өлімнен ұят күшті.

5. Мына сөйлемдерге керекті сөздерді қолданыңыз.

1. «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы бойынша оқу-жаттығуының ерекшелігі – терроризм мен экстремизмге қарсы біріккен күштер ...

2. Американдық жауынгерлер үлкен көлемде есірткі заттарын жымқырып бара жатқан ... қолға түсірді.

3. Түсті металдарды көп мөлшерде заңсыз әкетіп бара жатқан баукеспелердің

4. АҚШ пен Қазақстанның әскери дәрігерлері облыс жұртшылығына тегін әрі шұғыл дәрігерлік

5. Оннан астам ауыр хирургиялық операция ...

Керекті сөздер: өз өнерлерін көрсету, қатысу, өту, жасалу, көмек көрсету, қылмыскерлер, жолын кесу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қарабаева Қ. Қазақ тілі. Тәртіп сақшыларына арналған оқу құралы. – Алматы, 2008.
- 2 Мұхамадиева Н. К. Қазақ тілі. – Алматы, 2006.
- 3 Нурмагамбетов Р.Г., Айткалиева А.С. Казахско-русский, русско-казахский терминологический словарь для юристов. – Костанай: Костанайский филиал ЧелГУ, 2008.
- 4 Оразов К.Ж., Жандосов М.М. Русско-казахский толковый словарь по современной юриспруденции. – Алматы, 2007.

Резюме

Статья посвящена актуальной проблеме обучения казахскому языку. Автор рассматривает значение государственного языка в подготовке будущего специалиста.

Conclusion

The article is devoted to the research of the topical problem of teaching the state language. The author defines the status of the state language in preparing the future specialist.

СВОБОДА «ВНУТРЕННЯЯ» И «ВНЕШНЯЯ»

Бондаренко Ю.Я.

Нельзя освободить человека больше,
чем он свободен изнутри

А.И. Герцен

Один из важнейших аспектов проблемы свободы – это проблема «свободы внешней» и «свободы внутренней» и возможностей самореализации. Под «свободой внешней» в широком смысле этого слова мы интуитивно понимаем такие обстоятельства, при которых человек имеет возможность действовать в соответствии со своими волеизъявлениями и внутренними потребностями. О чем же тогда идет речь, когда говорится о «свободе внутренней», и насколько и каким образом она может быть связана со «свободой внешней» и насколько – автономна по отношению к ней? Справедливо или нет кредо древних о том, что можно быть свободным в оковах и рабом на троне? И если справедливо, то в какой мере? Приступая к размышлениям над этим, хотелось бы отметить, что понятие «внутренней свободы» неразделимо связано с понятием «свобода воли», которое, например, во «Всемирной энциклопедии философии» определяется как «способность человека к самоопределению в своих действиях» [1].

Другое, более развернутое определение: «Свобода воли – способность человека быть самостоятельной личностью в определении своих намерений, целей, поступков, исходя из собственного мировоззрения, рационального усмотрения» и ценностей [2].

Знаменитый французский автор XVII в. Жан де Лабрюйер писал о свободе в целом так: «Свобода – это не праздность, а возмож-

ность свободно располагать своим временем и выбирать себе род занятий; короче говоря, быть свободным – значит не предаваться безделью, а самолично решать, что делать и чего не делать...», добавляя при этом: «Какое великое благо такая свобода!»

Любопытно, что и толкование, и практическое применение этих и аналогичных им по духу и, казалось бы, совершенно однозначных суждений может быть далеко не однозначным, особенно, если речь заходит о представителях различных культур, что, например, с легкой иронией блестяще иллюстрирует А. Мелихов в своем новом романе «И нет им воздаяния».

«... Шарлотта, – рассказывает он, – шаркая галошами по степной горячей пыли, довела меня до кирпичного, совершенно по-родственному повествуя до чего ей не понравилось в Германии, – чистота такая, что плюнуть некуда, сорвала яблочко на обочине, так ее пилили-пилили, надо-де дожидаться, когда поспеют, а тогда уж выйти всем городком...».

«Свободы у них нет», – завершила она, что тут же подтвердил Стаська: «Хорошая у нас страна, послали проволоку искать – теперь до звонка свободен» [3].

Заметьте: и в этих мимолетных житейских суждениях речь, по сути, идет о том же самом, о чем писал Лабрюйер: о том, чтобы самолично решать, что делать (рвать или не рвать свободно висящее яблочко), и о возмож-